

**Зейнеткерлер мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар алушылар бойынша орталықтандырылған деректер базасын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 28 қыркүйек N 1468

Зейнетақыларды, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды төлеу жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнеткерлер және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар алушылар бойынша орталықтандырылған деректер базасын жасау жөніндегі ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында (бұдан әрі - ЗТМО) деректердің орталықтандырылған базасын құру үшін республикалық бюджетте кезек күттірмейтін мемлекеттік мұқтаждарға көзделген қаражаттың есебінен 90702000 (тоқсан миллион жеті жүз екі мың) теңге бөлсін және бөлінетін қаражаттың мақсатты жұмсалуын бақылауды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.29. N 2009 қаулысымен. Р 9 9 2 0 0 9 \_

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.07. N 364 қаулысымен. Р 0 0 0 3 6 4 \_

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ЗТМО-мен орталықтандырылған деректер базасын құру жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орындауға шарт жасассын.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ЗТМО-ның

орталықтандырылған деректер базасын құру үшін қажетті қосымша жабдықтар сатып алуды жүзеге асырсын.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.12.29. N 2009 қаулысымен.

Р 9 9 2 0 0 9 \_

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.Ж.